

# 25 ҚАЗАН РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



№90-91 (3020-3021)  
25/10/2024

## ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

### ЖАҢА НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Республика күніне орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ мәжіліс залында сала теміржолшылары бас қосқан салтанатты мерекелік жиын өтті. Онда ерекше еңбегімен көзге түскен қызметкерлерді ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев, «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов және «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев марапаттады. Биылғы жылдың ерекшелігі – Мемлекет басшысының еңбек адамының мәртебесін және жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру жөніндегі бастамалары шеңберінде теміржолшылар үшін жаңа марапаттардың енгізілгендігі болды.



**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

Атап айтқанда, ҚТЖ корпоративтік наградаларының тізімі «Теміржол даңқы» медалі, «Теміржол саласында 10, 20, 30 жыл қызметі үшін», «Локомотивте апатсыз 500 000 км, 1 000 000 км», «Үздік жас маман», «Үздік теміржол ұжымы» белгісі және тағы басқа құрметті атақтармен толықты. Республика күнін мерекелеу қарсаңында мемлекеттік наградаларға, «Құрметті теміржолшы» белгісіне және басқа да атақтарға магистральдің дамуына елеулі үлес қосқан 4000-нан астам адам ие болды. Олардың қатарында жол мон-

терлері, байланысшылар, энергетиктер, машинистер, жолсеріктер, қозғалысты қамтамасыз етушілер, вагоншылар, әскерилендірілген теміржол күзет қызметкерлері және сала ардагерлері бар.

ҚТЖ бүгінде өндірістік және экономикалық көрсеткіштері жағынан жоғары қарқынмен тұрақты даму жолына түсті. Биылғы 9 айдағы жүк айналымы 196 млрд тонна км-ны құрады. Контейнермен транзиттік тасымал көлемі 1 млн-нан астам ЖФЭ болды. Бір мың шақырымнан астам жол жөндеуден өткізілді. Жылжымалы құрамды жанарту жұмыстары жалғасуда. Ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда.

– Осы жыл біз үшін ерекше. Қазақ жерінде алғашқы теміржолдың салынғанына 120 жыл толды. Бүгінге дейін аянбай еңбек етіп келген ардагерлердің орны бөлек. Биыл Қазақстанның әр өңіріне барып, нысандарды аралап, жұмысшылармен кездестік. Теміржолдың тұрақты дамып келе жатқанына көз жеткіздік. Соңғы 30 жыл ішінде 2,5 мың км теміржол салынды. 2030 жылға дейін біз 5 мың км жолды салып, жаңғыртатымыз және 11 мың км жолды жөндеуден өткіземіз. Локомотив паркі де қарқынды түрде жаңартылуда. «Біздің жолдарымыз – темір, ал адамдарымыз – алтын» деген нақыл сөз тараған, бұл сөздің жаны

бар. Жоғарыда аталған жұмыстардың бәрі де сіздердің арқаларыңызда жүзеге асырылып отыр. «Бірлік бар жерде тірлік бар» демекші, бірлесе отырып, одан да үлкен жетістіктерге жете берейік, – деді компания басшысы.

Барлық көрсеткіштер бойынша жоғары нәтиже көрсеткен 13 ұжым «Үздік теміржол ұжымы» атауымен марапатталды.

Сонымен қатар «Үздік энергетик», «Үздік жол шебері», «Үздік байланысшы», «Үздік жүк тасымалдаушы», «Үздік машинист», «Үздік вагоншы», «Үздік күзетші», «Үздік жолсерік», «Үздік жас маман», «Үздік құрылысшы», «Үздік рационализатор» номинациялары да жекелеген теміржолшыларға берілді.

Бұрыннан бар «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», «Адал еңбегі үшін», «Кәсіби бойынша үздік» медальдарымен қатар «Теміржол саласында 10 жыл мінсіз қызметі үшін», «Теміржол саласында 20 жыл мінсіз қызметі үшін», «Теміржол саласында 30 жыл мінсіз қызметі үшін» атағымен 3 адам, 1 адам «Ерлігі үшін», 12 адам «І дәрежелі Теміржол даңқы» медалімен марапатталды. «Құрметті теміржолшы» белгісін 4, «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік наградасын 4 адам алды. Жаңадан енгізілген және бұрынғы бірқатар марапаттардың қосымша сыйақысы да бар.

Салтанатты жиын соңы компания қызметкерлері және олардың балаларының қатысуымен өткен мерекелік концертке ұласты.

Суретті түсірген  
Александр ЖАБЧУК

### Құрметті әріптестер!

Республика күніне орай шын жүректен жолдап отырған құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз тарихи дамуда серпіліс жасады. Біз барлық салада дамудың әлеуеті зор егеменді мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етудегі маңызды рөл теміржол көлігіне тиесілі.

Қазақстан темір жолының ұлттық мақсаты – экспорт пен транзитті ұлғайту, тасымалдау тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік қызметтерінің сапасын арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және жылжымалы құрам паркін жаңарту.

Компания жұмысшыларыға да ерекше назар аударады. Осы жылдары қатардағы қызметкерлердің әл-ауқатын арттыру бойынша жұмыстар жүргізілді, ал бүгін біз ынталандыру бойынша жұмыс жүргіздеміз. 2024 жылдан бастап қызметкерлердің ғана емес, жалпы еңбек ұжымдарының да еңбегін атап көрсететін марапаттардың түрін енгізудеміз.

Біз алға жылжуды жалғастыра беретінімізге, қолға алған жоспарларымызды сәтті орындайтынмызға және лайықты қызметкерлердің үлесін атап өтетінімізге сенімдімін. Баршаңызға зор денсаулық, амандық және тұрақтылық тілеймін!

**Нұрлан САУРАНБАЕВ,**  
«Қазақстан темір жолы» ҰК»  
АҚ басқарма төрағасы

### Уважаемые железнодорожники и ветераны отрасли!

От лица Профсоюза отрасли сердечно поздравляю Вас с национальным праздником – Днем Республики Казахстан!

25 октября 1990 года была принята Декларация о государственном суверенитете Казахстана, которая провозгласила суверенитет нашей страны и декларировала политико-правовые основы Казахстана как независимого государства, придав импульс развитию демократических ценностей, построению суверенного правового государства, упрочению гражданского мира и согласия.

В этот знаменательный день искренне желаю Вам и Вашим семьям мира и процветания, счастья и здоровья, семейного благополучия, а также новых созидательных свершений на благо нашей страны!

**Оразали АХМЕТБАЕВ,**  
председатель  
ОО «КАЗПРОФТРАНС»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ОКОЛО  
**190** млн тонн

ГРУЗА ПЕРЕВЕЗЕНО ПО СЕТИ  
ҚТЖ С НАЧАЛА 2024 ГОДА.

С 2024 ПО 2027 ГОД ОО «КТЖ –  
ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ»  
ПЛАНИРУЕТ ПРИОБРЕСТИ

**459**  
ЕДИНИЦ ЛОКОМОТИВОВ.

БОЛЕЕ  
**12** млн тонн

ЗЕРНОВЫХ ГОТОВ  
ЭКСПОРТИРОВАТЬ КАЗАХСТАН  
В ЭТОМ ГОДУ.

### Совещание

## УСТОЙЧИВЫЙ РОСТ

Итоги деятельности АО «НК «Қазақстан темір жолы» за девять месяцев 2024 года подвели на расширенном совещании в Астане с участием руководства нацкомпании, начальников отделений грузовых перевозок и магистральной сети, а также ревизорского аппарата.

**Любовь РОВБА,**  
Астана

Основными темами обсуждения стали вопросы безопасности движения, обеспечения бесперебойной транспортировки грузов, организации охраны труда, текущие производственные задачи и т. д.

В своем приветственном слове председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев дал положительную оценку работе отделений, отметил, что компания в последние годы демонстрирует устойчивый рост своих производственно-экономических показателей.

Так, грузооборот за девять месяцев достиг 196 миллиардов тонно-километров, транзитные перевозки в контейнерах превысили один миллион ДФЭ, объемы железнодорожных перевозок грузов между Казахстаном и Китаем составили 23,7 миллиона тонн. В 2026 году компания планирует увеличить транзит в два раза. С начала года отремонтировано свыше

тысячи километров железнодорожного полотна, продолжается работа по обновлению подвижного состава, реализуются крупные инфраструктурные проекты.

Управляющий директор по производственным процессам в АО «НК «ҚТЖ» Бауржан Урынбасаров подробно остановился на мероприятиях по увеличению пропускной способности, долгосрочных программах по приобретению локомотивов отечественного производства, перспективных проектах и т. д.

– В следующем году мы завершим строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты. По прогнозам наших маркетологов, а также российских и китайских коллег, в течение 2025-2026 годов мы достигнем увеличения количества поездов до 60 пар. И наша программа по развитию инфраструктуры как раз нацелена на пропуск этого грузопотока в направлении как российских погранпереходов, так и ТМТМ, – отметил он.

В свою очередь главный инже-

нер АО «НК «ҚТЖ» – директор департамента технической политики АО «НК «ҚТЖ» Рамазан Садырқулов рассказал о состоянии охраны труда и подвел итоги рабочих поездок руководства компании в регионы.

– Символично, что именно в год 120-летия железной дороги Казахстана руководство побывало практически во всех отделениях, посетило более 60 линейных предприятий и их структурных подразделений, а также ряд сторонних организаций, работающих в транспортной сфере, – подчеркнул он. – В ходе поездок организованы встречи с трудовыми коллективами и ветеранами отрасли, на которых рассмотрены вопросы самой различной направленности – от технического состояния объектов инфраструктуры, санитарно-бытового обеспечения, до удовлетворенности заработной платой, социальным пакетом, обеспечением и качеством спецодежды и т. д. Порядка 600 работников в регионах отмечены

юбилейными медалями, почетными грамотами председателя правления.

По итогам поездок определены узкие места и перед руководителями всех уровней поставлены соответствующие задачи по их устранению. В свою очередь руководством компании учтены озвученные работниками предложения. – В целом могу сказать, что на местах у нас достаточно сильный кадровый состав, который имеет большой опыт и хорошо знает свою работу, – отметил Нурлан Сауранбаев.

На итоговом совещании в преддверии Дня Республики также презентовали новые отраслевые награды, разработанные для поощрения в большей степени людей труда, производственного персонала компании.

В завершение состоялась церемония награждения руководителей, внесших значимый вклад в развитие компании и показавших высокие результаты в работе. Фото Александра ЖАБЧУКА



### ЗА ВЕРНОСТЬ ПРОФЕССИИ



Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в канун Дня Республики вручил медаль «Ерен еңбегі үшін» представителю железнодорожной династии Биржану Капышеву.

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

В преддверии Дня Республики Глава государства вручил награды и медали гражданам страны за значительный вклад в социально-экономическое и

культурно-духовное развитие страны, укрепление дружбы и сотрудничества между народами и активную общественную деятельность. В числе награжденных – железнодорожник из Алматы Биржан Капышев. Обладатель награды «Ерен еңбегі үшін» – представитель династии



железнодорожников, чей общий стаж составляет более 800 лет.

Сегодня на железной дороге работают 26 членов семьи Капышевых. Основателем династии стал дедушка

Биржана – Садан. Он является Почетным железнодорожником, который запечатлен на стенде первопроходцев казахстанских железных дорог в музее ҚТЖ.

Вдохновившись примером дедушки и отца, Биржан Капышев поступил в железнодорожный колледж транспорта и коммуникации. И вот уже 20 лет он работает в железнодорожной сфере, пройдя все ступени карьерной лестницы. К слову, свою вторую половинку он нашел благодаря железной дороге. Сейчас пара железнодорожников воспитывает четверых детей. Младший из них уже решил пойти по стопам своего прадеда, деда и отца.



## МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ АЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,  
Астана



Республика күні қарсаңында теміржолшылар көлік саласы мен елдің дамуына қосқан елеулі үлестері үшін мемлекеттік және партиялық наградалармен марапатталды.

Салтанатты жиында «Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Нұрлан Жақыпов «Kazlogistics» ЗТБ бас директоры Қанат Әлмағамбетовке «Парасат» орденін табыс етті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы Серік Кеулімжаев пен Семей магистральдық желі бөлімшесінің жол бригадирі Николай Санков «Құрмет» орденінің иегерлері атанды.



«Ерен еңбегі үшін» медальдары Қарағанды магистральдық желі бөлімшесінің жол шебері Болат Бекеновке, Павлодар жүк тасымалы бөлімшесі Павлодар технологиялық орталығының басшысы Бақыт Жансақбаеваға табысталды. Ал «Белсенді қызметі үшін» партиялық наградасымен Павлодар магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Қанат Сатабаев марапатталды.

«ҚТЖ» ұлттық компаниясында да марапат жауған күн болды. Компанияның аппарат жетекшісі Серік Кеулімжаев «Қазақстан темір жолына – 120 жыл» мерекелік медалімен саланың өсіп-өркендеуіне, дамуына сүбелі үлес қосқан теміржол саласының әртүрлі қызметтерінде тер төгіп жүрген мамандарды марапаттады.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ ҚАРҚЫН АЛУДА

Нұрбек БЕКЕН,  
Астана




Биылғы қыркүйек айынан бастап жаңа егістіктен алынған астық дақылдарын теміржол көлігімен белсенді тасымалдау басталды. Осы айда 1,05 млн тонна астық тасымалданған.

Бұл өткен жылмен салыстырғанда төрттен біріне артық, 867 мың тонна экспортқа, 186 мың тонна республика ішіне жіберілді. Орталық Азия елдерінің дәстүрлі бағыттарында тасымалдардың 28%-ға өсуі байқалады. Ақтау порты арқылы Иранға жөнелтілген қайта басталды, қыркүйек айында көлемі 140 мың тоннаны құрады. Болжам бойынша қазан айында тасымалдау 1,25 млн тоннаға жетуі мүмкін. Министрлік мәліметінше, жыл соңына дейін ай сайынғы тасымал қарқыны 1,2-1,3 млн тонна деңгейінде қалады деп күтілуде. Орталық Азияның экспорттық бағыттарында өткізу қуатының резервтері бар.

«Тасымалдауға 11,8 мың бірлік астық тасымалдаушылар жұмылдырылған. Сонымен қатар ҚХР-ға астық тасымалдауға арналған құрамдар, олардың қатарында Азық-түлік корпорациясының экспорттық келісімшарттары бойынша 16 мың жабық вагон бар. Ал астық тасымалы кезінде 1621 локомотив тартымдық қызмет көрсетеді.

## ЖОЛАУШЫЛАРҒА СЫЙЛЫҚ ТАРАТЫЛДЫ

Еділ ЕРМЕК,  
Атырау



Республика күні қарсаңында мерекеге орай «Қазкөліккәсіп» ҚБ кәсіподағы Атырау өкілдігінің ұйымдастыруымен Атырау вокзалы перронның №691 «Атырау – Ақтөбе» пойызының жолаушыларына дәм таратылып, сәт-сапар айтылды.



Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелері, «Қазтеміртранс» АҚ Атырау филиалы кәсіподақ ұйымдары бірлесіп өткізген акция жолаушылардың көңілінен шықты. Перронда «Атамекен», «Менің Қазақстаным», басқа да ұлттық патриотты әндер ойнатылып, НЖС кәсіподақ төрағасы Марат Бисенғалиев жолаушыларды дауысзайратқыш арқылы Республика күнімен құттықтады. Сыртқында «Қазкөліккәсіп», 25 қазан – Республика күні деп жазылған кішкене қорапқа құрт пен жент, бауырсақ, құрма, «Қазақстан» шоколады салынған. Сондай-ақ жолаушыларға бәліш, тәтті тоқаш, басқа да дәмдер ұсынылды. Пойызға минуте асыққан жолаушылар дәмнен ауыз тиіп, қолына бір қорап сыйлығын алып, рахметін жаудырды. Музыка әуеніне билеп, қосыла ән айтқан жолаушылар маз-мейрам болысты. Жолсеріктер де дәмнен құралақан қалмады, оларға да, вагонға отырған жолаушыларға да кәсіподақ қызметкерлері вагон ішін аралап, дәмнен үлестірді.

Суретті түсірген автор

## БІЛІМ МЕН БІЛІК СЫНҒА ТҮСКЕН ЖАРЫС



ОЛИМПИАДА

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Қауіпсіздік минутынан басталған олимпиаданы «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Рамазан Садырқұлов құттықтау сөзімен ашып, білім мен біліктілік сынға түскен жарыста қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бас инженер төрағалық еткен әділ қазылар алқасы құрамында «Самұрық-Қазына» қорының еңбекті қорғау және қауіпсіздік секторының басшысы Е.Елекеев, Орталық кәсіподақтар кеңесінің еңбекті қорғау жөніндегі бас техникалық инспекторы Қ.Мұқанов, Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Ә.Семенов, Адами ресурстарды басқару департаментінің HR-бизнес серіктесі А.Айсариева болды.

Олимпиада үш турдан тұрды. Бірінші турда қатысушылар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құжаттарды білу білімін тексерген тестілеуден өтті. Қатысушыларға 20 сұраққа жауап беруге 30 минут берілді. Екінші тур ситуациялық жағдайлардан жол табу тапсырмасына ұласты. Бұл тапсырманы орындау кезінде қатысушылар командаларға бөлініп, бірлесе жұмыс істеді. Барлығы 4 тапсырма болып, әр тапсырманы орындауға 10 минуттан берілді. Тапсырмалар бейнеролик арқылы экранда көрсетілді. Осы екінші турдың

нәтижелері сарапқа салынып жатқан тұста модератор Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Ә.Семенов сөз алып, олимпиада қатысушыларға өз білімдерімен бөлісуге, командалық рухты сезінуге мұрсат бергенін атап өтті. Сондай-ақ ол еңбек қорғау мамандарына жауапты қызметте өздерін жетілдіріп, дамыта беруге кеңес етті.

Сонымен олимпиада турларының қорытындысы бойынша 1-турда Қостанай НЖС-нің жетекші инженері Ләззат Қабдуғалиева, 2-турда Ақтөбе жол дистанциясының жетекші инженері Берік Нұрмұхаметов, 3-турда «Өңүстік» аймақтық филиалының сектор басшысы Айдын Зиеденов «Көшбасшылық» номинациясы бойынша топ жарды. «Шешендік өнер» аталымында «ӨТЖК» АҚ Алматы филиалының маманы Болат Мынбаев, «Олимпиаданың ең белсенді қатысушысы» номинациясында «КТЗ Express» АҚ – «КТЗЕ Батыс» филиалының бас маманы Әсет Ақназаров, «Ең

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да Компания мен оның еншілес ұйымдары арасындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жыл сайынғы олимпиаданың кезекті жарысы өтті. Оған ел өңірлерінде өткен жарыстарда топ жарған 13 жеңімпаз қатысты.



жылдам жауап қайтарғаны үшін» аталымында Арыс вагон пайдалану депосының сектор басшысы Әмір Жұмағали, «Денсаулықты қорғау және еңбекті қорғау саласында ең креативті маман» номинациясында «ҚДТС» АҚ Павлодар филиалының инженері Әлия Осанова, «Жеңіске деген ерік-жігері үшін» аталымында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Жаңаөсіл локомотив пайдалану депосының сектор басшысы Карина Мұхтарова, «Биіктікті алуға тырысқаны үшін» номинациясында «Қазтеміртранс» АҚ Қызылорда филиалының 1-санатты инженер-технологы Бауыржан Нұғманов және «Олимпиаданың ең жас қатысушысы» аталымы бойынша Алматы НЖС сектор басшысы Несіпкүл Аханова жеңімпаз деп танылып, барлығына «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының «Құрмет» грамотасы табысталды және 8 АЕК мөлшерінде ақшалай сыйақы берілетін болды.

Ал Денсаулық және қауіпсіздік бойынша корпоративтік олимпиадада 3-орын алған Ақтау портының еңбек қорғау және өндірістік қауіпсіздік қызметінің 1-санатты маманы Жанар Қуанышева «Үздік маман», 2-орын алған Құрық портының бөлім басшысы Аңсар Сансызбай «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен, ал 1-орынды қанжығасына байлаған Алматы ЖТ бөлімшесі – Алтынкөл айналым депосының 1-санаттағы инженер-технологы Гүлзат Байниязова «Үздік маман» қатар «Адал еңбегі үшін» төсбелгілерінің иегері атанды. Олимпиада жеңімпазына сәттіліктеріне демалуға тегін жолдама берді. Сондай-ақ олимпиадада топ жарған үш орын иегеріне де 40 АЕК мөлшерінде сыйақы берілетін болды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҮР



АЙМАҚ

Қосұым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Жұмысшылар қысқы жұмыс киімімен және қауіпсіз аяқ киімімен толық қамтамасыз етілген. Өндірістік-техникалық бөлім басшысы Әзіз Айжарықовтың мәліметінше, биыл жоспар бойынша 21 бірлік қазандықты дайындау қажет болса, қазіргі таңда оның 18-і іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Қалған 3 қазандық та жөндеуден өтіп, бірер күнде қолданысқа берілімек. Елуге жуық ғимарат пен құрылыстар қыс маусымына дайындалып, теміржолшылардың алаңсыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отыр.



Екінші жартыжылдыққа арналған мақсаттар мен міндеттер қатарында қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу деңгейін төмендету, нөлдік жарақаттануға қол жеткізу бар. Сонымен қатар Теңдік станциясы бойынша

«БатысТрансГрупп» жүк жөнелтушісімен мұнай өнімдерін тиеуді 2 281 020 тоннаға немесе тәулігіне 12 396 тоннаға жеткізу, гимараттар мен жылыту желілеріне жөндеу жүргізу, дизель отынының шығынын азайтуна қол жеткізу көзделген. Өткен мерзімде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша, дизельдік отынның артық шығыны 900 тонна 655 кг құраған, нақты үлесті тұтыну 20,47 кг/өлшемді құрады. Өткен жылдың үлестік шығыны 20,93 кг/өлшеммен салыстырғанда, 549 тонна 207 кг дизель отыны үнемделді. Жалпы, пойыздың орташа салмағы 678 тоннаға төмендеуі, бос вагондар пайызы артуы, тегіс жылдамдығының коэффициенті 96,3%-ға төмендеуі – жанармай шығынын арттыруға әкелетін факторлар.

«Дизель отынның көп тұтынудың тағы бір маңызды себебі Батыс өңірінде желдің екпіні 15-20 м/секундқа дейін күшейіп, ауа райы жағдайының нашарлауынан болады, бұл дизель отынының өзіндік шығынының 15%-ға өсуіне ықпал етеді», – дейді маман.

Суретті түсірген автор

## ҚОЛДАНЫСТА ЗАМАНАУИ ТЕХНИКА



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Кешенді жол жөндеу техникаларының көмегімен қазіргі таңда Шиелі станциясында 4400 дана жарамсыз ағаш шпалдар ауыстырылды. Білгеніміздей, алдын ала дайындық жұмыстары кезінде, үш бағыттың біреуін қалдырып, төселетін рельстердің арасында 1 метрден аспайтын қашықтық сақталады екен, біріктіру, тазалау тәсілімен шпалдардың арасын алшақтатып төсеп тасталады. Рельстерді бойлай төселіп тасталған шпалдарды босатып алып, техникалардың көмегімен жаңа шпал салына береді екен.

Көптеген кәсіпкерлердің енді тек техниканың дұрыс, талапқа сай жұмыс жасауын бақылап тұрады. Ал жол рельсінің бойына арасы бір метрлік қашықтық шамасында тасталған темірбетонды шпалдарды жол жөндеу кешенді техника Жейсмар өздігінен алып, сала береді. Бір қарағанда бұл заманауи техникалар қарапайым халыққа 4-5 трактор секілді көрінеді. Алайда бұл техника күшімен



рельстерден шпалдарды бұрап босатып, көтеріп алатын, оларды қайта орналастырып, бұрап қайтау жұмыстары жасалып жатыр.

– Шу станциясындағы ПЧМ директоры Пернебек Өткелбаев басшылық ететін жол жөндеу техникалары дистанция жолдарының бабын келтіруге үлкен көмек беріп жатыр. Шпал аралықтарын тазалайтын КЖТ, жарамсыз ағаш шпалдарды жұмыс орнынан

шығаратын МРТ-408, жарамды темірбетон шпалдарын салуға арналған МРТ-407, темірбетон шпалдардың бекітпе болттарын бұрайтын ПФТ, қиыршық тастарды шпал астына нығыздап ұрып тығыздауға арналған Брат-10 кешенді машиналары Францияда жасалған. Биылғы жылдың тамыз айынан бастап Шиелі станциясының жолдарында, ТД-6 кірме жолында локомотивтерді бұрып, бағытын ауыстыруға арналған үшбұрыш рельстеріндегі 4 мыңға жуық жарамсыз ағаш шпалдар ауыстырылды, – дейді Қызылорда жол дистанциясы бастығының орынбасары Нұрболат Сақтағанов

Бұл жұмыстарға негізінен дистанцияның 4-5-өндірістік телімінің теміржолшылары жұмылдырылған. Жол жөндеу, жұмыс технологиясы мен еңбек қауіпсіздігінің сақталуына телім басшылары Жұмағали Әдікәрімов, Бауыржан Келгенбаев, Болатбек Дербішев, Бақыт Арғынбаев, Тұрсынбай Данияров жауапты болып, өз міндеттерін абыроймен атқаруда.

Суретті түсірген автор



## СЕРВИСНЫЙ ЦЕНТР ДЛЯ НОВЫХ ЛОКОМОТИВОВ



АКТУАЛЬНО

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Кокшетау

В период с 2024 по 2027 год ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» планирует приобрести 459 единиц локомотивов. Сегодня на сети КТЖ уже эксплуатируется 134 новых электровазона серии KZ8A, 434 тепловоза серии Evolution и 50 магистральных тепловозов серии ТЭ25КМ. Кроме того, именно для обновления маневрового локомотивного парка АО «НК «КТЖ» заключило соглашение с американской компанией на поставку 21 маневрового локомотива серии ТЭМ11А, которые будут эксплуатироваться в границах Акмолинского отделения ГП. Для их обслуживания уже подготовлена вся необходимая инфраструктура на базе оборотного локомотивного депо станции Кокшетау. Расширение площадей и техническое перевооружение позволят увеличить объем видов ремонта маневрового парка.

У нас имеется все необходимое оборудование для проведения ТО-2, ТО-3, ТО-4, ТО-5, ТО-6, ТО-7. Для этого у нас установили станок КЖ для обточки колесных пар, раковины. Также запустили

**В Кокшетау начал работу сервисный центр по обслуживанию маневровых локомотивов серии ТЭМ11А, которые были произведены на заводе АО «Локомотив Құрастыру зауыты» по лицензии компании Wabtec.**



скатоподъемник. Конечно, с увеличением видов технического обслуживания мы решили принять на работу дополнительно 17 слесарей. Все они прошли обучение. Кроме того, в процессе трудовой деятельности они повышают свой уровень квалификации, а более отличившиеся на технических занятиях получают разряды, – отметил старший мастер ПТО оборотного локомотивного депо станции Кокшетау филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Александр Архипов.

Новые локомотивы серии ТЭМ11А оснащены американским двигателем Wabtec мощностью

1 500 лошадиных сил, максимальная скорость составляет 100 километров в час. Срок службы тепловозов составляет 40 лет, а периодичность обслуживания 184 дня.

– Сегодня на складах оборотного локомотивного депо имеется необходимый объем запасных частей, оборудования и инструментов для 20 локомотивов. Благодаря этому за девять месяцев текущего года ТО-3 прошли 127 локомотивов серии ТЭМ2, ТО-6 – 18 и циклов ТО-7 – три единицы. Кроме того, мы провели техническое обслуживание четырех локомотивов серии ТМ11А, – рассказал старший приемщик локомотив ТЧЭ-10

Курорт-Боровского эксплуатационного локомотивного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Жанкельды Шауалиев.

К слову, оборотное локомотивное депо станции Кокшетау обслуживает четыре направления: Кокшетау – Кызылту, Кокшетау – Жана-Есиль, Кокшетау – Астана, Кокшетау – Петропавловск. Депо работает в пассажирском, грузовом и маневрово-хозяйственном движении. В штате предприятия числится порядка 240 человек. Инвентарный парк локомотивов составляет 12 магистральных, 16 маневровых тепловозов и четыре тепловоза в пассажирском движении.

– Единой площадкой для выполнения полного сервиса в локомотивном депо станции Кокшетау послужит реконструированное помещение, которое отвечает требованиям условий труда и технологического процесса. Это позволит оказывать услугу по ремонту локомотивов не только филиалам ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», но и другим частным организациям, таким как АО «Алтынтау Kokshetau», ведем переговоры с АО «Соколовско-Сарбайское горно-обогатительное производственное объединение», – подчеркнул заместитель начальника Курорт-Боровского эксплуатационного локомотивного депо по оборотным депо Кокшетау Мухтар Балгоженов.

Фото автора

## КТЖ РАЗВИВАЕТ E-COMMERCE

**Алуа ТЛЕУБАЙ,**  
Астана



СОТРУДНИЧЕСТВО

**АО «НК «КТЖ» ведет постоянную работу над повышением эффективности цифровых транспортных потоков. Так, АО «KTZ Express» развивает сотрудничество E-Commerce на маршруте Сянь – Достык/Алтынкөл – Селятино.**

18 октября 2024 года в Москве с участием представителей Посольства Республики Казахстан в РФ и Правительства Московской области подписан меморандум о дальнейшем сотрудничестве в сфере трансграничной электронной торговли между АО «KTZ Express», Polyking New Horizons Technology Industry Co., Ltd. и АО «Славтранс-Сервис».

Стороны договорились о реализации проекта с участием CRK Terminal на станции Селятино, который обеспечит цифровую координацию участников и повысит прозрачность логистических процессов.

Подчеркнем, CRK Terminal станет ключевым объектом инфраструктуры на транспортном маршруте, формируя замкнутый логистический цикл HUB-to-HUB, сокращая сроки доставки до 10 дней.

В свою очередь АО «Славтранс-Сервис» – стратегический партнер KTZ Express, владелец одного из крупнейших транспортно-логистических центров в Москве и Московской области.

## ИНТЕРЕС СТУДЕНТОВ К ТМТМ

**Асель ШАЙХЫНОВА,**  
Астана



ОБУЧЕНИЕ

**В столице в рамках программы Executive MBA Высшей школы бизнеса Назарбаев Университета состоялась лекция, проведенная почетным профессором Университета Дьюка и заместителем декана по глобальным инициативам Фернандо Бернштейном.**



Во время мероприятия управляющий директор АО «KTZ Express» Асем Мухамедиева рассказала о стратегических инициативах компании и Транскаспийском маршруте. Основной темой лекции стала деятельность крупнейшего в Центральной Азии сухого порта Khorgos Gateway, построенного АО «НК «КТЖ» в 2015 году. Этот объект играет ключевую роль на Транскаспийском международном транспортном маршруте, являясь важным звеном в развитии транспортных коридоров региона.

Студенты проявили большой интерес, задавая вопросы о текущих и перспективных проектах железнодорожной инфраструктуры, их экономической окупаемости, а также о мерах управления рисками, которые использует компания.

Как АО «НК «КТЖ», так и АО «KTZ Express» продолжают активно поддерживать образовательные инициативы, делаясь знаниями своих экспертов и способствуя развитию профессиональной логистики в Казахстане.

Фото автора

## Экология

### ЗНАТОКИ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

**В АО «НК «КТЖ» впервые прошла корпоративная олимпиада по охране окружающей среды.**



**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

В финале за звание лучшего поборолись 12 работников филиалов и дочерних организаций компании. Все они победители отборочных туров.

– Основными задачами корпоративной олимпиады являются вовлечение и мотивация специалистов по охране окру-

жающей среды, повышение престижа их профессии, а также развитие творческой активности, профессионального мастерства и новаторства, – отметил главный менеджер департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «КТЖ» Сагат Кабиев.

В ходе олимпиады участникам необходимо было выполнить профессиональные комплексные задания во всех трех турах.

В первом задании у них было 30 минут на то, чтобы ответить на 20 вопросов на знание требований Экологического кодекса Казахстана и нормативных документов в области ООС. Во втором туре участники были поделены на команды. И уже совместно они должны были найти решение ситуационной задачи. Выполнение в полном объеме задания оценивалось

в пять баллов. На решение ситуационных задач отводилось 60 минут. Третий тур проводился по системе блиц-турнира, где каждый участник должен был правильно ответить по возможности на все три вопроса.

По итогам корпоративной олимпиады первое место заняла ведущий инженер по охране окружающей среды ТЧЭ-10 Курорт-Боровое Асель Турлубаева, на второй строчке расположилась ведущий инженер по охране окружающей среды ТЧЭ-31 Жамбыл Гульдана Хусаинова, замкнул тройку победителей менеджер группы по охране труда и производственной безопасности департамента технической политики АО «Қазтеміртранс» Асхат Нигметов.

Членами жюри также были определены 12 участников, ставших лучшими в отдельных номинациях. Все победители отмечены ценными призами и дипломами.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## ЛУЧШЕ ОДИН РАЗ УВИДЕТЬ



ОСМОТР

**Для обеспечения производственной безопасности, качественного содержания устройств и технических средств на станции Усть-Каменогорск прошел учебно-показательный комиссионный осмотр под председательством директора Семейского отделения грузовых перевозок Алмаса Сейсемканова.**

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

В нем приняли участие первые руководители железнодорожных предприятий региона, начальники всех станций Восточно-Казахстанского региона, включая назначенных не так давно. Ведь для них это мероприятие было особенно важно.

– В ходе осмотра проводилось теоретическое изучение перечня вопросов, рассматриваемых при комиссионном месячном осмотре сооружений, устройств и служебно-технических зданий, а также стрелочных переводов главных и приемоотправочных путей, которые находятся в границах станции, – объяснил участковый ревизор Семейского отделения грузовых перевозок по Восточно-Казахстанскому региону Канат Кусаинов.

В начале осмотра Алмас Сейсемканов информировал собравшихся об обстоятельствах случаев, которые произошли на станциях Сурган Костанайской области и Семей, и обратил особое внимание на необходимость соблюдения всех требований безопасности движения поездов.

Мастер производственного обучения Оскеменской дистанции пути Жасулан Мусин показал наглядно прямо на «поле», на стрелочных переводах № 14 и 16 станции Усть-Каменогорск, где и как измеряют кри-

тические расстояния стрелочных переводов, в каких местах делают промеры стрелочного перевода в приемном стыке, у остря, в середине и корне остряков, в крестовине стрелочного перевода, как происходит измерение шага остряка на нецентрализованных и централизованных стрелочных переводах. Также он объяснил, какие могут быть неисправности, требующие закрытия движения на стрелочных переводах и на путях станции.

Старший электромеханик цеха № 4 Защитинской дистанции сигнализации и связи Даулет Сарымсаков и мастер производственного обучения этого же предприятия Андрей Стрелков показали, как проверяется целостность изоляционных частей на стрелочном переводе № 16, как необходимо проводить проверку стрелочного перевода на плотность прилегания остряков к рамному рельсу. Они рассказали о допусках видимости входных и выходных светофоров, проверке состояния изостыжков и рельсовых цепей, причинах намагничивания – возникновения металлической пыли на изолированных стыках.

– Такие учебно-показательные комиссионные осмотры очень нужны для руководства станций, особенно молодых кадров, чтобы понимали, где могут быть нарушения, где и как что измерять, кто и при каких обстоятельствах может отменить комиссионный осмотр. Учебно-показательные осмотры



в регионе проводит ежегодно. В основном на станции Оскемен-1, – рассказал заместителем начальника станции Новоустькаменогорск Даурен Айттуганов.

Начальник станции Тишинская Олеся Николаева, которая занимает эту должность уже седьмой год, выразила свое мнение, что читать инструкции, приказы о проведении комиссионных осмотров необходимо, но, помимо этого, лучше наглядно увидеть, как это правильно делать.

– Неисправность может привести к сходам. А во время учебно-показательного осмотра на станции Усть-Каменогорск каждый работник по своей службе показывал нам, какие должны быть нормы. У нас недавно назначили на должность начальника станций в Черемшанке, Рулихе, Коршуново, Усть-Таловке, Иртышском заводе. Для них такие мероприятия являются особенно полезными и важными, – считает Олеся Николаева.

По итогам учебно-показательного комиссионного осмотра принято решение продолжать проведение таких мероприятий, согласно графику, для повышения уровня знаний начальников станций.

Фото Даурена АЙТТУГАНОВА

## ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

**Айдана ЕРТАЙ,**  
Павлодар



ИТОГИ

**В отделении магистральной сети подвели итоги осеннего комиссионного осмотра. Руководство провело пути, устройства СЦБ, контактной сети, здания и сооружения, производственную безопасность, подготовку техники к зимним условиям.**

По информации технического отдела отделения магистральной сети, особое внимание проверяющие акцентировали на состоянии безопасности движения, содержании и использовании объектов инфраструктуры, особенно технических средств, направленных на обеспечение безопасности движения. Кроме того, проверили состояние безопасности и охраны труда, предупреждения производственного травматизма, идентификации опасностей (экологических аспектов) и оценки рисков (аспектов). Отдельно проконтролировали состояние пожарной безопасности и выполнение требований в области пожарной безопасности, наличие и действие пожарно-охранной сигнализации, состояние объектов водо- и теплоснабжения, обеспеченность запасными частями, оборудованием, техническими средствами, горюче-смазочными материалами.

– Были проверены определения технического состояния и степени использования основных фондов, обеспеченности структурных подразделений необходимым инвентарем, оборудованием материалами и запасными частями, укомплектованности штатной численности работников на выполняемый объем работ, соблюдение технологии при проведении технического обслуживания ССПС, – сообщили в техническом отделе.

Руководством НЖС по окончании осмотра проведено совещание, в ходе которого дана оценка готовности отделения магистральной сети к работе в зимних условиях.



№90-91 (3020-3021) 25/10/2024

**Қазақстанда теміржол жолаушылар тасымалының дербес қызметі 1998 жылғы 14 шілдеде «КТЖ» РМК құрылымында «Жолаушылар тасымалы» еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құрудан басталды. 2002 жылы мемлекеттік кәсіпорын негізінде «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы құрылды.**

## СҰРАНЫСҚА САЙ САПАЛЫ СЕРВИС

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Астана

2004 жылғы 25 желтоқсанда ҚР Үкіметінің Қаулысымен «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ға ұлттық тасымалдаушы мәртебесі берілді. Қазіргі таңда акционерлік қоғам құрылымына 4 филиал кіреді. Олар – «Оңтүстік», «Батыс», «Солтүстік» және «Экспресс» және 2 еншілес компания – «Қала маңы тасымалы» және «Вагонсервис» акционерлік қоғамдары. Жыл сайын ұлттық тасымалдаушы пойыздарымен орта есеппен 13,5 миллион жолаушы қатынайды. Жолаушылар арасында ең көп сұранысқа ие бағыттар: Астана – Алматы, Астана – Шымкент, Алматы – Шымкент, Астана – Семей және Алматы – Семей. Жалпы «Жолаушылар тасымалы» АҚ Қазақстан бойынша 139 бағыттың 97-сіне қызмет көрсетеді. Ұлттық тасымалдаушының жылжымалы құрам паркi 2151 вагонды құрайды, оның ішінде 1311-сі стандартты, 732-сі Тальго, 108-і электр-дизельді пойыздар вагондары.

Соңғы он жыл ішінде компания 1,5 мыңға жуық қазіргі заманға сай вагон сатып алды. Оның ішінде вагон паркi 2023 жылы және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 150-ден астам вагонмен толықтырылды. Жаңа вагондар Алматы – Маңғыстау, Алматы – Атырау, Атырау – Астана, Атырау – Маңғыстау, Астана – Шымкент, Астана – Семей, Қызылорда – Семей, Алматы – Жезқазған, Павлодар – Алматы, Павлодар – Түркістан және Атырау – Ақтөбе бағыттары бойынша қатынап жүр. 2030 жылға дейін 700-ден астам вагон жеткізіледі, оның ішінде 537 вагон «Штадлер Қазақстан» өндірісінен алынбақ. Айта кетейік, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын сатып алу және жаңарту үшін қолдау шараларын әзірлеу ҚР Үкіметі мен ҚР Президентінің хаттамалық тапсырмасымен бекітілген.

Бүгінде қоғамда 11 мыңнан астам теміржолшы еңбек етеді. Оның ішінде пойыз бригадалары қызметкерлерінің саны 4 мыңнан асады, олардың 4 пайызы немесе 183-і жолаушылар пойыздарының бастықтары. 2024 жылдың бірінші тоқсанында 17 мыңнан астам жолаушы «Қуту парағы» арқылы пойыз билеттерін сатып алған. Bilet.railways.kz сайтындағы

«Қуту парағы» қызметі жолаушылар арасында танымал болып келеді. Бұл қызмет басқа жолаушылар сапардан бас тартқан жағдайда билетті кезекпен сатып алуға мүмкіндік береді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша 170 мыңнан астам жолаушы билеттерді «Қуту парағы» арқылы сатып алыпты. Ал «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның кассаларында билеттер комиссиясыз сатылады.

Ұлттық тасымалдаушы «Әйелдер вагоны» жобасын одан әрі дамыту бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізген болатын. Оған 600-ден астам респондент қатысып, нәтижесінде әйелдер вагонындағы тағы да «Астана-Семей», «Ақтөбе-Алматы», «Алматы-Шымкент» секілді үш бағыт бойынша қосылды. Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін әйелдерге арналған вагонды бар пойыздар 8 бағыт бойынша қатынайтын. Олар – «Алматы-Маңғыстау», «Алматы-Өскемен», «Павлодар-Түркістан», «Маңғыстау-Семей», «Атырау-Астана», «Ақтөбе-Алматы-1», «Астана-Алматы-2», «Астана-Шымкент» рейстері. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 70 мыңнан астам жолаушы «әйелдерге арналған вагондар» қызметін пайдаланды. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 есеге өскен. Әйелдерге арналған вагондарда жеті жасқа дейінгі ер балалардың жүруіне рұқсат етіледі.

Ұлттық тасымалдаушы Республика күні мерекесіне орай демалыста жолаушылар ағынының артатындығына байланысты қосымша пойыздар шығарып отыр. Мәселен, бұл пойыздар Ақтөбе-Шалқар, Ақтөбе-Шымкент, Шымкент-Алматы, Алматы-Астана бағдары бойынша көбейтіледі. Сонымен қатар қала маңы бағыты бойынша да 25-27 қазан аралығындағы электр пойыздарының бағдары ұзартылады. Кей бағыттар бойынша қосымша вагондар жаланады. Билеттерді Bilet.railways.kz сайтынан немесе билет кассаларынан алуға болады. Анықтамалық ақпаратты «1433» нөмірі арқылы тегін соғып біле аласыздар. Одан бөлек акционерлік қоғамның @jolaushylar\_tasymaly инстаграм парақшасы да жұмыс істеп тұр, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз хатшысы Нариман Дүйсекеев.

## МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ НЫСАН



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,**  
Шымкент

Жұмыс Дарбаза станциясының іргесіндегі Ердәуіт станциясы мен 2-ші разъезд аралығында жүргізілуде. Жоба бойынша Ердәуіт – Мақтаарал бекеттері аралығында 3 разъезд бен 5 бекет бой көтермек. Атап өтерлігі, Мақтааралда Өзбекстан арқылы қатынайтын, ал Қазақстан үшін тұйықта қалып қойған вокзал ғимараты мен қысқа ғана темір жол учаскесі бар. Бұл өзі осы күндері жұмыс істеп тұрған станция. Десек те, мұнда жоспар бойынша қайта құрылымдау жұмыстары жүргізіледі.

– Жалпы, біз қолға алып жатқан құрылыс жұмыстары «Ердәуіт-Мақтаарал» және «Мақтаарал-Жетісай» деп аталатын 2 кезеңнен тұрады. Осы жоба іске қосылған жағдайда Түркістан облысының Сарыағаш, Келес, Мақтаарал және Жетісай аудандары арқылы шойын жол Қазақстанның үлкен теміржол магистраліне шығатын болады. Бұл дегеніміз, осы өңірдің экономикалық дамуына үлкен ықпалы тиеді. Сонымен қатар Түркістанға 2 бірдей жаңа темір жол телімі арқылы шығу мүмкіндігі де туындайды. Сол себептен де бұл нысанның мемлекетаралық қатынаста стратегиялық маңызы жоғары, – дейді бүгінде құрылыс нысанының басы-қасында жүрген ҚТЖ-ның Ірі жобаларды жүзеге асыру дирекциясы филиалының теміржол құрылысы жөніндегі



басқарма басшысы Нұрлан Нұрабаев.

Айтуынша, қазіргі кезде Ердәуіт станциясы мен 2-ші разъезд аралығында құрылыс жұмыстары бұрқ-сарқ қайнаған. Атап айтқанда, ұсынылған сызба-жобаларға сай теміржол торының табаны төселетін жер бірнеше метр тереңдікте қазылып, тегістелуде. Яғни 30 шақырымға созылған құрылыс аумағындағы жер тұтас қопарылып, топырақ пен шарал төсеу және нығыздау жұмыстары жүргізілуде. Содан соң ол жердегі топырақтың тығыздық құрамы лабораториялық зерттеуден өткізіледі. Ал Нұрлан Қанайұлы бастаған теміржолшы-құрылысшылар ұжымы тапсырыстың талапқа сай орындалуын мұқият бақылайды.

Қазіргі кезде Ердәуіт станциясының маңындағы Ақ үй ауылында арнайы модульді қалашық жасалған. Мұнда жұмысшылардың жатар орны мен ас-ауқат ішер асханасы, жуынып, тынығатын



бөлмелері мен техникаларға сервистік қызмет көрсететін арнайы қойма-база бой көтерген. Ол жерде еңбек ететін жұмысшылардың 30 пайызы жан-жақтан шақыртылған арнайы салалық маман иелері болса, қалған 70 пайызы жергілікті тұрғындар. Мұнда 30 шақырымға созылатын құрылысқа жұмылдырылған 50-ге жуық жұмысшыны тасымалдайтын арнайы автобус та қарастырылған. Ал істі ілгерілету мақсатында қолданылып жатқан автогрейдер, каток, самосвал, экскаватор сынды техникалардың саны 29 бірлік. Бұл тұтас жоба аясының бірінші кезеңінде құрылысты бастап кеткен алғашқы мердігер «EST Constation» ЖШС компаниясы екен. Алдағы уақытта әр кезең бойынша жоғарыда аталған учаскелерде бірнеше мердігер компания қызмет етеді деп жоспарланған.

Осылайша, Ердәуітте темір жол төсеуге дайындық жұмыстары қызған шақта, Арыс қаласының

іргесінде орналасқан бас мердігер «Integra construction KZ» ЖШС-нің базасында рельс-шпалды торларды жинақтау жұмыстары да қайнап жатыр. Қазіргі таңда ол жердегі темір жол мамандары 25 шақырымға жететін рельс-шпалды торларды құрастырып үлгерген. Демек, мыңдаған дана рельс-шпалды торды құрылыс алаңына жеткізіп алып, төсеу жеріне дайын тұр деген сөз.

– Жалпы, жыл соңына дейінгі жоспарымыз 100 шақырымға жететіндей тор жасап шығару. Осы күнгі жұмыс қарқынына қарап, біз бұл жоспарды ойдағыдай орындаймыз деп нық сеніммен айта аламыз, – дейді аталған нысан құрылысына жауапты мамандар.

Айта кетейік, алдын ала есеп-қисаппен болжанған мерзімге сүйенсек, жоба 2026 жылдың желтоқсан айында толық бітіп, пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Суреттерді түсірген автор

## ЖАҢАРУ ҮРДІСІ ТОЗУ ДЕҢГЕЙІН ТӨМЕНДЕТУДЕ



НӘТИЖЕ

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Еліміздегі көмір, астық, мұнай және мұнай өнімдері, кен, минералды тыңайтқыштар сияқты сусымалы және қайма жүктерден тұратын негізгі тауарларды тасымалдайтын «КТЖ» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымы – «Қазтеміртранс» АҚ өзіне қарасты жүк вагондары паркін жаңартуды жалғастыруда. Быылдың өзінде «КТЖ» АҚ су жаңа 260 ашық вагон сатып алды. Бұл жаңа вагондар 70 тоннаға дейін жүк көтергіштігін қамтамасыз ететін заманауи стандарттар мен техникалық талаптар үдесінен шығып отыр.

– Ашық вагондар астық, көмір және басқа да әлеуметтік маңызы бар жүктерді тасымалдауға арналған, бұл жүк тасымалдарының тиімділігі мен сенімділігін арттыруға ықпал етеді. Жыл соңына дейін компания тағы да 1000-нан астам жаңа жүк ашық вагондарын сатып

**Теміржол көлігі ел экономикасында стратегиялық рөл атқарады. Ол жүк айналымының 60%-дан астамын қамтамасыз етумен қатар жолаушылар мен әлеуметтік маңызды жүктерді тасымалдайды. Сол себепті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының стратегиялық бағыттарының бірі – жолаушылар, жүк вагондары мен локомотивтер паркін жаңартуға негізделіп отыр.**

алуды жоспарлап отыр. Бұл компанияның жылжымалы құрамын жаңартудағы маңызды қадам болып отыр, – дейді «Қазтеміртранс» АҚ Бас директорының орынбасары Тәңірберген Құсайынов.


Сөз реті келгенде, «Қазтеміртранс» АҚ соңғы жылдары 25 мыңнан астам вагон, ал бұлттыр 242 ашық вагон сатып алғанын атап өтер едік. Қазір компания жеке меншігінде 47 000 жүк вагоны бар. Олар жабық вагондар, платформалар, ашық вагондар, цистерналар, астық тасымалдаушы, цемент тасымалдаушы, фитингті платформалар.

Жаңа үрдісін локомотивтер паркінен де көруге болады. 2023 жылы ҚТЖ 112 бірлік локомотив сатып алды. Бұл локомотив шаруашылығы тарихындағы ең ірі сатып алу көрсеткіші болатын. Бұл локомотив паркінің тозуын 2020 жылғы 68%-тен 2023 жылы 52%-ке дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Алдағы бес жылда, яғни 2029 жылға дейін «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС 359 локомотив сатып алуды көздеп отыр. Оның ішінде 75 ТЭЗ3АС сериялы магистральдық тепловозы, 36 ТЭ235КМ сериялы магистральдық тепловозы, 130 КЗ8А сериялы электровозы, 18 ТЭМ11А сериялы маневрлік тепловозы, 37 ТЭПЗ3А сериялы жолаушылар тепловозы, 63 КЗ4АТ сериялы жолаушылар электровозы сатып алынбақ.

Заманауи локомотивтер Астана қаласындағы локомотив және электровоз құрастыру зауытында жиналады. Бұл ауыр техникалар – жүк пойыздарымен жүк тасымалдауды жандандыруға қабілетті сенімді техника. Сонымен қатар ҚТЖ-ның қытайлық «CRRC Corporation Limited» корпорациясымен ынтымақтастық туралы келісімі шеңберінде 100 маневрлік және 100 магистральдық локомотив сатып алынады деп күтілуде.

## ШАЛҚАРҒА ҚОСЫМША ПОЙЫЗ ШЫҚТЫ



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

**Республика күні қарсаңында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ қосымша төрт пойызды іске қосты. Соның бірі – №630/629 «Ақтөбе-Шалқар» пойызы. Енді бұл бағыт бойынша 22 қазаннан бастап күнара тасымал қызметі ұйымдастырылады.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

№630/629 «Ақтөбе-Шалқар» қатынасындағы коммерциялық жолаушылар пойызы 6 вагоннан тұрады. Оның ішінде 3 купе және 3 плацкарт вагондары бар. Жол жүру билетінің бағасы купе вагоны үшін – 5800 теңге, ал плацкарт вагоны үшін – 4000 теңге. Жолаушылар билет құнына шағым айтады. Керісінше, бұл бағытқа тез билет табылғанына, вагонның тазалығына, қызмет көрсету сапасының жоғарылай түскенін жарыса айтып жатты. Расында «Жолаушылар тасымалы» АҚ соңғы жылдары сервистік қызмет сапасын арттыруға күш салуда.

«Шалқарға пойыз шыққанын естіп, қуанып билет алдық. Бірінші рет қиындықсыз. Себебі осыған дейін алдын ала қамдансақ та билет



табу қиын еді. Кірген бойда тазалығы жарқ ете қалды. Таза, жаңа вагондар мерекелік көңіл күй сыйлап тұр. Алғысымыз шексіз», – дейді жолаушы Қанымкүл Әлімбаев.

№630/629 коммерциялық пойызда Шалқарға



дейін – 25 аялдама, ал №6992/6991 қала маңындағы пойызда Шалқарға дейін 30 аялдама бар. Жолаушы тасымалын ұйымдастырушылар алдағы уақытта қосымша вагон қосу мүмкіндігі де қарастырылатынын атап өтті.

«22 қазан күні кешкілік «Ақтөбе-Шалқар» бағытына құрамында үш купе, үш плацкарт вагоны бар пойыз жіберілді. Жолсеріктердің саны 10 адам. Шалқарлықтар ризашылықтарын айтып, алғысын жаудырып жатыр. Бұл пойыздың Ақтөбеден жөнелтілу уақыты сағат 22:00 болса, Шалқардан шығатын уақыты 23:30. Әлі де сұраныс

болып жатса, қосымша вагондар қосамыз», – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалының Ақтөбе телімі бойынша басшысы Нұрбек Қуатов.

«Сарыарқа-компани» ЖШС 2016 жылдан бері «Ақтөбе-Шалқар» әлеуметтік маңызы бар ауданаралық қатынас бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырып келеді. №6991/6992 «Ақтөбе-Шалқар» қатынасындағы қала маңындағы пойыз 7 вагоннан: оның ішінде жұмыс күндері 3 плацкарт және 3 жалпы вагон, демалыс және мереке күндері 3 плацкарт және 4 жалпы вагоннан тұрады. Жүру жиілігі – аптаның 1,3,5,6,7 күндері. Ақтөбе мен Шалқар арасын жалғайтын пойыздың жол жүру бағасы – 2135 теңгені, жалпы вагонда 883 теңгені құрайды.

№204 пойызы «Астана-Шымкент» бағыты бойынша 2024 жылғы 21 қазаннан бастап күнделікті қатынайды.

№216 пойызы «Шымкент-Алматы» бағыты бойынша 2024 жылғы 22 қазаннан бастап күнделікті қатынайды.

№201 пойызы «Алматы-Астана» бағыты бойынша 2024 жылғы 23 қазаннан бастап күнделікті қатынайды.

Пойыз құрамында купе және плацкарт вагондары да болады.

25 және 27 қазанда «Қарағанды-Астана» бағытындағы электр пойызының бағыты Бұрабай курорты станциясына дейін ұзартылады.

Суреттерді түсірген автор





## СТРОИТЕЛЬСТВО НА ОПЕРЕЖЕНИЕ

**Продолжается строительство вторых путей на железнодорожном участке Достык – Мойынты. На сегодняшний день железнодорожники рапортуют о 75-процентном выполнении плана.**

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

По словам начальника станции Мойынты Рамазана Бугенова, уже проложено более 630 километров второго пути на участке от станции Достык до станции Мойынты. К тому же уложены рельсошпальные решетки на 26 перегонах и 14 раздельных пункта, смонтировано 140 стрелочных переводов.

– Завершение работ по насыпи составляет 95%, продолжается отсыпка на 9 перегонах. Ко всему прочему возводится 91 мост, смонтированы опоры на 72 мостах, завершены пролетные строения на 62 путепроходах. Что касается высоковольтных линий, то в этом направлении ведутся работы касательно реконструкции и строительства объектов связи и сигнализации. Так, запланирована прокладка 1 700 километров кабеля СЦБ, – рассказывает он. – На вышеназванном участке работники займутся установкой системы микропроцессорной централизации для безопасного управления движением поездов.

– В связи с увеличением поездопотока, вагонопотока, а также для улучшения эксплуатационной работы

станции и пропускной способности требуется развитие станции Мойынты, – продолжает Рамазан Бугенов. – Для этого необходимо произвести следующие операции: в четной горловине станции установить два съезда для заезда на 6-й путь – ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Центр топливных ресурсов» под снабжение без дополнительных маневров. Также необходимо удлинить вытяжной путь № 25 до 1 050 метров для формирования и расформирования прибывших поездов с примерной длиной до 70 условных вагонов. Сегодня фактическая вместимость вытяжного пути составляет 35 вагонов, из-за чего разборочные составы делятся на две части и их вытягивают по два раза. Очень важно произвести процедуры, направленные на сокращение расстояния при обгоне поездов локомотивов, операций по смене кабин локомотива, переключения системы КЛУБ, так как в настоящее время при выезде за маневровый сигнал М24 затрачивается 20 минут, а при установке маневрового сигнала М-38 время будет сокращено до 10 минут.

В связи с увеличением вагонопотока во избежание задержек поездов у

входных сигналов требуется восстановление тупиковых путей № 18а, 19а, 20а, 21а с преобразованием их в приемоотправочный. Необходимы действия и по удлинению путей № 18а, 19а до 1 650 метров для приема, отправления, скрещения сдвоенных контейнерных поездов, а также тяжеловесных и длиннооставных поездов. В настоящее время актуальным вопросом является дополнительное строительство диспетчерских съездов в четной горловине между I и II путями для одновременного приема и отправления поездов. Между тем в нечетной горловине станции будет установлен дополнительный стрелочный перевод № 9/11, что создаст определенные удобства для перестановки вагонов с вытяжного пути № 25 на пути № I, II, 3, 4 без производства дополнительных маневров.

Ключевую роль в строительстве вторых путей сыграет дополнительный штат работников станции в количестве 22 человек.

Завершение строительства вторых путей запланировано на 2025 год, однако временное движение поездов может открыться уже в этом году.

Фото автора

## СТАЛЬНАЯ МАГИСТРАЛЬ – ЛОКОМОТИВ РАЗВИТИЯ СТРАНЫ

**Железная дорога была и остается главной артерией экономики страны, которая соединяет промышленность всех наших регионов. С каждым годом растет скорость доставки грузов, совершенствуются логистические сервисы. С увеличением объема грузоперевозок АО «НК «КТЖ» уделяет особое внимание техническому состоянию путевого хозяйства. С этой целью в текущем году компания проводит один из самых больших за последние годы ремонтов более 1 400 километров пути.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

Весьма сложные условия эксплуатации железной дороги, такие как динамические нагрузки движущегося состава и природные факторы, приводят к тому, что без ремонта и текущего содержания пути невозможно безопасное и безаварийное движение составов.

Путевые ремонтные работы ведутся на магистральных сетях АО «НК «КТЖ» по обновлению верхнего строения пути с полной или частичной заменой его элементов, очисткой балласта, выправкой пути в продольном профиле и плане с оздоровлением земляного полотна.

Необходимо отметить, что потребность в ремонте пути растет из года в год. Это обусловлено тем, что ежегодно возрастают объемы перевозок грузов. Так, в 2023 году эксплуатационный грузооборот составил 464,5 миллиарда тонно-километров брутто, увеличившись на 7,3% к 2022 году. Соответственно это приводит к износу инфраструктуры.

Есиль – Первая Целинная


длиной 14,3 километра. По Костанайскому отделению магистральной сети капитальный ремонт выполнен на 56,3 километра, что составляет 93% от общего объема запланированного ремонта.

В Карагандинском отделении магистральной сети выполнение капитального ремонта составило 24 километра, или 100% от общего объема. Продолжается укладка рельсовых плетей на участке Жанаарка – разъезд 96.

пани уделяют и вопросам создания комфортных условий для железнодорожников.

Так, в текущем году на сети АО «НК «КТЖ» установлено более 160 мобильных зданий для проживания и отдыха железнодорожников линейных предприятий.

На сегодняшний день принято к эксплуатации 163 мобильных здания на предприятиях путевого хозяйства Акмолинского, Алматинского, Костанайского, Павлодарского,



**РЕМОНТНО-ПУТЕВАЯ КАМПАНИЯ, КОТОРАЯ СТАРТОВАЛА В МАРТЕ, ОХВАТЫВАЕТ ВСЕ РЕГИОНЫ И СОСТАВИТ 1 401 КИЛОМЕТР ПУТИ. ПРИ ЭТОМ КАПИТАЛЬНЫМ РЕМОНТОМ ПУТИ С ПОЛНОЙ ЗАМЕНОЙ РЕЛЬСОШПАЛЬНОЙ РЕШЕТКИ БУДЕТ ОБНОВЛЕНО БОЛЕЕ 570 КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ. ЗА ДЕВЯТЬ МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ ПРОВЕДЕН НА 515 КИЛОМЕТРАХ ПУТИ.**

Карагандинского, Жамбылского, Шымкентского, Кызылординского, Семейского, Актюбинского, Атырауского, Мангистауского отделений магистральной сети.

Модульные здания для обогрева и отдыха работников, занятых на поездных и путевых работах в удаленных местах, – это современная альтернатива устаревшим временным пунктам. Они характеризуются быстрой изготовкой и монтажа. Кроме того, здания построены из материалов, пригодных для климата нашей страны, и подключены к электросети, системам водоснабжения и канализации. В каждом жилом строении имеются все необходимые предметы мебели, санузлы с душевой кабиной, и другими предметами, необходимыми для комфортного проживания работников пути, связи и электроснабжения даже в самых сложных климатических условиях.

До конца 2024 года на отдаленных станциях и разъездах планируется установить 180 таких модульных зданий. В настоящее время с завода-производителя принято 163 и 15 ожидают приемки после осмотра специальной комиссии.

В 2023 году для отдыха железнодорожников, выполняющих работу на отдаленных участках, было приобретено 132 модульных здания.

Кроме того, в числе приоритетных направлений в деятельности АО «НК «КТЖ» остаются вопросы обеспечения безопасности на железнодорожном транспорте, наращивания объемов перевозок и развития транзита, обновления железнодорожной инфраструктуры и подвижного состава.

Фото автора

## ПРОРЫВНОЙ ПРОЕКТ


**Строительство обходной железнодорожной линии в обход железнодорожного узла станции Алматы является важным инфраструктурным проектом, направленным на оптимизацию грузовых и пассажирских перевозок в регионе.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

На сегодняшний день из 6,5 миллиона кубов земляных работ выполнено 4,7 миллиона, завершено монтаж 32 железобетонных труб из 55, выполнен монтаж одного железобетонного моста из 19 запланированных. В реализации проекта задействованы высококлассные специалисты с большим опытом в области железнодорожного строительства и инженерных решений. Благодаря хорошему управленческому началу проект развивается без задержек с акцентом на внедрении лучших практик в строительстве железнодорожных объектов.

Данный проект позволит значительно разгрузить железнодорожную сеть в районе Алматы, улучшив пропускную способность путей и сократив время простоя составов на станциях. Основной целью строительства является снижение нагрузки на железнодорожный узел, который сегодня испытывает повышенную загруженность из-за возрастающих объемов перевозок. Новая обходная линия позволит перераспределить потоки поездов, минуя станцию, что обеспечит более эффективную работу всего транспортного коридора. Более того, новая ветка снизит нагрузку на Алматинский узел на 40% и сократит время доставки грузов до 24 часов, что положительно скажется на скорости и эффективности грузоперевозок. В результате сократятся задержки поездов, повысится пропускная способность, что создаст условия для роста объемов транспортировки товаров как внутри страны, так и для международных перевозок.

Реализация проекта позволит переориентировать грузопоток на новую железную дорогу Жетген



– Казыбек-Бек, минуя станцию Алматы.

Стоит напомнить, что 15 ноября 2023 года в Алматинской области АО «НК «КТЖ» был дан старт к строительству железнодорожной линии в обход станции Алматы. Инфраструктурный проект реализуется по поручению Главы государства Касым-Жомарта Токаева и имеет большое значение для развития транспортно-транзитного потенциала страны.

В процессе строительства будет уложено 130 километров железнодорожных путей, построено три раздельных пункта – Сорбулак, Мойынкүм, Жана-Арка, 13 мостов, пять железнодорожных и один автомобильный путепровод. Для этого у отечественных производителей планируется приобрести около 228 тысяч шпал, 16 тысяч тонн рельсов.

Строительство магистрали позволит создать порядка 1 400 рабочих мест.

1 марта 2024 года заключен договор между КТЖ и подрядной организацией на строительство железнодорожной линии в обход Алматы.

Для последующей укладки подго-

товлена рельсошпальная решетка в объеме 35 километров. В реализации проекта задействованы дорожно-строительная техника – 234 единицы и персонал – 597 человек. Кроме того, проект предусматривает внедрение современных технологий и материалов в строительстве, что повысит надежность и долговечность инфраструктуры. Введение в эксплуатацию новой обходной линии станет важным шагом в развитии железнодорожной сети Казахстана, способствуя ускорению транспортных процессов и улучшению логистики в масштабах всего региона. Более того, как отмечают специалисты, сокращение транзитного движения через густонаселенные районы Алматы окажет положительное влияние на экологическую ситуацию в мегаполисе, поскольку позволит сократить уровень шума и выброса от поездов, проходящих через город. Введение новой линии также сделает железнодорожное сообщение более устойчивым и надежным, что важно для обеспечения бесперебойных перевозок в условиях растущих потребностей региона и всей страны.

Фото автора



№90-91 (3020-3021) 25/10/2024

## МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛДЫ

Республика күні қарсаңында аймақ теміржолының өркендеуіне сүбелі үлес қосу арқылы әріптестеріне үлгі бола білген жүзге жуық теміржолшы қос бөлімшенің басшылары Батырхан Базарбаев пен Ербол Сәулебековтің қолынан «Қазақ теміржолына-120 жыл» мерейтойлық төсбелгісін алды.

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**  
Қызылорда

Еліміздің теміржол саласы өзінің 120 жылдық тарихында көптеген белестерді бағындырып, өзінің алпауыт компания екенін мойындап білді. Теміржолдың дамуына өз үлесін қосқан аймақтың әрбір теміржолшысының ерен еңбегі еш уақытта елеусіз қалған емес. Бұл жолы да Қызылорда ЖТ бөлімшесінен 36 сала еңбеккеріне, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінен 44 теміржолшыға құрмет көрсетіліп, кеуделеріне төсбелгі тағылды.

Сонымен қатар мереке қарсаңында Қазалы вагон пайдалану депосында Арғын Орымбаев үздік



вагон қараушыларға атқарған жұмыстарына рахмет айтып, өз ісінің озаттарын марапаттап, кеуделерін жарқыраған мерейтойлық белгімен көмкерді.

– Биыл Қазақстан темір жолына 120 жыл. Елдің бірлігі мен тәуелсіздігінің символына айналған Республика күні қарсаңында компанияның дамуына және жұ-

мыста жоғары нәтижелер көрсетіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан азаматтарды мерейтойлық медальмен марапаттауды жөн көрдік. Әрине вагон депосының әрбір қызметкері марапатқа лайық. Бірақ бұл жолы ең озат деген қызметкерлер марапатталып отыр, – деді депобастығы Арғын Орымбаев.

Сонымен Қазақстан темір жолының 120 жылдығына арналған мерейтойлық медальді Қазалы вагон пайдалану депосына қарасты Сексеуіл техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушысы А.Жарбол, Қазалы техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушысы А.Қараманов, Төретам вагондарды техникалық тапсыру бекетінің вагон қараушысы Е.Бисенбаев, Бекбаулы бақылау бекетінің вагон қараушысы Н.Тлеуқұлов, Жаңақорған бақылау бекетінің аға вагон қараушысы А.Ақылбеков, депоньң бас инженері А.Тынымбаев кеудесіне тақты. Мерейі үстем болған оларға медальден бөлек, мекемелердің кәсіподақ ұйымдары атынан бағалы сыйлықтар тапсырылды.

*Суретті түсірген автор*

Республика күні мерекесіне орай марапат мінберінен табылған теміржолшылар қатарында Шиелі теміржол вокзалының бастығы, «Үздік басшы» Алматы Досымов та бар. Ол – теміржолшылар әулетінің өкілі. Оған теміржолдың тыныс-тірлігі бала кезден таныс.



## АЛМАТ АЛҒАН АСУЛАР

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Сондықтан болса керек, оның таңдауы Алматы теміржол институты болды. Білім алды. Темір жолда еңбек жолын бастады. Содан бері 30 жылдан астам уақыт өтіпті. Бұл қызығы мен қиындығы қабаттаса, қатарласа жүрген, түрлі қызметтік сатылардан өткен жылдар. Қазір Алматы өз ісінде тіс қаққан теміржолшы. Тәжірибесі мол, біліктілігі білдей бір маман. Сөзімізге Алматы алған асуларға берілген марапаттар дәлел.

Мәселен, Алматы Нұрмағанбетұлы 2021 жылы Шиелі ауданы бойынша «Үздік теміржолшы» атанса, 2022 жылы Қазақстан темір жолының 25 жылдығында «Үздік басшы» төсбелгісін алды.

– Алматы іскер басшы. Және бұл жай сөз емес. Өткен жылы аудан бойынша үлгілік семинар өткізуге, аудан басшылары, осы Шиелі теміржол вокзалын таңдапты. Неге дейсің ғой... Мекемелердегі тәртіп, аула тазалығы, еңбек қатынастарының сақталуы секілді бірнеше критерийлерді нысанаға алған тексеру комиссиясы Шиелі теміржол вокзалын ауласы ең таман көмкеріліп, абааттанған ғұлза мекеме деп, ал еңбеккерлерін ең

үздік ұжым деп таныпты. Кейін теміржол вокзалында комиссия құрамының шешімімен үлгілік семинар ұйымдастырылды. Бұл аудан көлемінде вокзал ұжымының салмақты орны бар екенін, ал осы ұжымды ұйыстыра білген Алматының білікті басшы екенін көрсетеді, – дейді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Нұрлан Бимұратов.

Алматы теміржолшылар әулетінен екенін және оның еңбек өтілінің өсуіне үлес қосып жүргенін мақтан тұтады. Еңбек өтілі демекші, Алматының әкесі Нұрмағанбет Досымов 37, анасы Қарашаш 15 жыл сол кездегі Шиелі жол дистанциясында жұмыс істеп, жолшылар әулетінің қалыптасуына ұйытқы болған. Кейін ағалары Бақыт 44, Дәулет 39, Қанат осы еңбек ұжымында 10 жыл жұмыс жасап, дистанцияның өркендеуіне үлес қосқан екен. Қазір Алматының ұлы Бексұлтан да ата жолын қуып, бес жылдан бері жол дистанциясында инженер болып жұмыс істеп жүр. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген сөз болса керек.

*Суретті түсірген автор*

## ЕРЕН ЕҢБЕК ЕЛЕНДІ

Республика күні қарсаңында ақтөбелік Құрметті теміржолшы Еркін Жананбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Жананбаев Еркін Ынтағалиұлы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Ақтөбе бөлімшесі филиалының Қандыағаш вагон пайдалану депосының бастығы. Бұл қызметті ол сегіз жыл абыроймен атқарып келеді. Қандыағаш вагон пайдалану депосындағы жұмыстың ұйымдастырылуына жауапты. Қарамағында 700-ден аса қызметкер бар. Төрт тарапқа қызмет көрсететін кластан

тыс сұрыптау станциясында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұжымымен бірге атсалысып келеді.

Марапат иесінің теміржол саласында еңбек етіп жатқанына 30 жылдан асып барады. Еңбек жолын вагон шаруашылығында слесарь боп бастаған ол жауапкершілігі мен ұйымдастыру шеберлігінің арқасында басшылық қызметке дейін көтерілген. Теміржолшылар әулетінен шыққан.

«Атам, әжем, әкем теміржолшы



болған. Мен үшін теміржолшы болу мақтан. Бұл менің өмірім. Теміржолшылар еңбегі мемлекеттік деңгейде марапатталса, біз үшін қуаныш», – дейді Еркін Жананбаев.

Еркін Ынтағалиұлы 2021 жылы «Құрметті теміржолшы» медалімен марапатталған болатын. Мәр-

тебелі марапат оның вагон шаруашылығына сіңірген үлкен еңбегіне берілген баға болатын. Ал теміржолшыға Мемлекет басшысы атынан «Ерен еңбегі үшін» медалін Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров табыстады.

«Республика күнін мерекелеу жалпыұлттық тұтастығымызды, қалыптасқан мемлекеттігімізді айықтай түсетін бүкілхалықтық тарихи күн. Бүгінгі күні мемлекетіміз дамудың жаңа деңгейіне көтеріліп, әлемдік қауымдастықта лайықты орынға ие болды. Ең бастысы халқымыз тәуелсіздік алғаннан бері тыныштық пен тұрақтылықта бейбіт күн кешіп жатырмыз. Бастысы республикамыз көзіміздің қарашығындай сақтап, елдігімізді ту ету әрбір азаматтың қасиетті борышы», – деп сөз сөйледі облыс басшысы марапаттау рәсімі барысында.

*Суретті түсірген автор*

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ «ТІЛІН» ТАПҚАН

Шу белгі беру және байланыс дистанциясында ағайынды электромеханиктер Ерланбек пен Ермек Исмайылбековтер жұмыс істейді. Оларды әріптестері электромеханика жүйесінің білгірлері деп атайды. Олай деп айтуға негіз де жоқ емес.

**Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**  
Жамбыл

Жалпы ШЧ-35 Шу белгі беру және байланыс дистанциясында 26 аға электромеханик, 14 инженер, 148 электромеханик, 38 монтер жұмыс істейді. Барлық қызметкерге жүклетін негізгі міндет – өз ісіне деген жауапкершілік пен үздіксіз ізденіс. Себебі жыл өткен сайын өндіріске жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Электр жүйесін орталықтандыруды меңгеріп, автоматты блоктауды білуі, жалпы диспетчерлік орталықтандыру құрылыстарының «тілін» түсіну – уақыт талабы. Әсіресе электромеханиктердің жұмыста аса мұқият болуы абзал.

Шу белгі беру және байланыс дистанциясы кадр бөлімінің маманы Қуат Орманқұловтың айтуынша, дистанцияға жаңадан жұмысқа келген жас мамандарға теориялық білімді практикамен ұштастыра білуді үйрететін тәлімгерлер бекітіледі екен. Бұдан бөлек, талай жылдан бері еңбек тәжірибесі қалыптасқан білікті мамандар да іс-тәжірибесімен бөлісіп тұратын көрінеді. Солардың қатарында ағайынды Исмайылбековтер бар.

Жас болса да талапшылдығымен, ізденіштігімен көзге түсіп жүрген Ермек Исмайылбеков жақында Астанада өткен ҚТЖ бойынша «Жас үздік маман» кәсіби байқауының IV республикалық кезеңінде топ жарған екен. Ал ағасы еңбек жолын элек-



тронтерден бастап, біраз жыл осы дистанция бастығының орынбасары болып қызмет еткен білікті кадр. Қазір дистанцияның электромеханигі.

– Жалпы бұл отбасында бәрі дерлік осы саланың тілін жетік біледі. Ермек пен Ерланбектің әкесі Аманқұл Исмайылбеков те саналы ғұмырын теміржолға арнаған. Бірлік станциясында аға электромеханик болып жұмыс істеген. Анасы да теміржолда еңбек етті. Тағы бір ағалары Нұрланқұл Алматы белгі беру және байланыс дистанциясында қызмет етеді, – дейді Қуат Орманқұлов.

Шу белгі беру және байланыс дистанциясының электр орталықтандыру, автоматты блоктау, диспетчерлік орталықтандыру құрылыстарына қызмет көрсету бригадасында электромеханик болып жұмыс істеп жүрген Ермек Аманқұловтың осы салада 14 жылдық тәжірибесі бар. Бірлік станциясында бағыттама бұрмаларына, бағдаршамдарға, автоматика, телемеханика құрылыстарына техникалық қызмет көрсетеді.

Әріптестері Ермектің ізденіштігіне дән риза. Жаңа технологиялардың жұмыс жүйесін зерттеп, үйреніп, оны өндіріске енгізуге ұмтылып жүреді дейді. Жас маманның еңбекке деген құштығын басшылар да жоғары бағалайды.

*Суретті түсірген автор*



Осыдан 60 жыл бұрын Мақат пен Ақтау арасына екі жақтан салынған теміржол бір нүктеде түйісіп, 704 шақырымдық теміржол «өмірге келген» болатын. Қарт түбекке теміржолдың алғашқы тартылуын, түбек теміржолының тарихында ерекше орын алатынын осы бір датаны маңғыстаулық теміржолшылар жадында сақтаған.

## АҚСАҚАЛ ЕСТЕЛІГІ

**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Жыл өткен сайын сол алпыс жыл бұрын жалғанған жол ұзарып, дамып жатса, керісінше қариларымыз сиреп, теміржолдың ілкі кірпішін қаласқандар қатары азайып барады. Республика күні қарсаңында осынау республикалық маңызды жобаға атсалысып, өңір теміржолының алғашқы қазығын қағуға қатысқан абыз ақсақал, Құрметті теміржолшы Ази Байпақовты құттықтап, бірер ауыз әңгімелестік.

Түбек теміржолына алтын әріптермен жазылатын алғашқы жылдардың айтулы оқиғаларын көзімен көріп, белортасында жүріп, еңбек еткендер қазір саусақпен санарлық. Ази Байпақов болса солардың бірі. Сексеннің сеңгіріне шыққан қарт теміржолшы денсаулығы келсе, әлі күнге теміржолдағы өзгерістер мен іс-шараларды қалт жібермейді. Өзі бір кездері еңбек етіп, қаншама ұйқысыз түндер мен ыстық-суық күндерді бастан өткерген теміржолшының сала жаңалықтарына құлағы үнемі тұрулы. Қарапайым жолшыдан Құрметті теміржолшыға дейінгі машақаты мол жылдарды ұрпағына әңгімелеп, жастарға еңбектің бәрін жеңетінін ұқтырудан жалықпаған.

Айтуынша, ол әскери міндетін де теміржолда жүріп орындапты. Көрші түркімен елінде дүниеге келген жеткіншек оңылдық мектепті бітіргесін отбасымен елге қоныс аударады. 1961 жылы Маңғыстауға көшіп келіп, Мақат-Ақтау теміржол құрылысы басталып жатқанын естиді. Атажұртқа енді ғана оралған жігерлі жас, елінің қадесіне жарасам, мен де бір кірпіші болып қалансам деп, дереу теміржол құрылысы алаңынан табылады. Жолшы болып жұмысқа орналасады.

– Қазіргі Шетпе станциясында тұрып, жол құрылысында өзіме тапсырылған міндетті орындап жүргенмін. 1963 жылдың соңында әскерге шақырды. Ол уақытта құрылыс батальоны болатын, соған түсіп-пін. Бізді Ақтау қаласына жеткізді. Ант қабылдағаннан кейін Шетпе станциясына



теміржол жұмысын жалғастыруға жіберді. Сол жерде «Қосбұлақ» дейтін әскери казармада тұрдық. Үстімізде бұрынғы теміржолшы формасы емес, енді солдат киімімен бір топ әскери теміржолда еңбек еттік. 1964 жылдың 29 маусымында Мақат-Маңғышлақ теміржолы екі жақтан келіп қосылып, күміс балдағы қағылған сәттің күәсі болдық. Көріп қана қоймай, сол жұмысты атқаруға қатыстық. Сегізінші бекет пен онының бекет арасында 200-шақырымда төртінші пикет, екінші звенода жол қосылайын деп екі жақтан тым жақындап, таяп қалған. 29 маусымда қос тараптың да жолын қосуға дайын болды. Мақат жағынан бір құрам жолаушылар пойызын әкелді. Тепловоздың алды, жан-жағы безендірілген. Жолаушылар вагонының аржағында ұзын бір құрам дистерналы пойыз бар. Локомотивтердің екеуі де жүруге сақдай сай тұр. Бәрі жолдың қосылатын сәтін күтуде. Балдағы қағылатын кез де жетті. Бәрі тексеріліп,

екі жақтан рельстер қосылды. Болттары майланып, балдағы қағылды. УП-6 пойызының аға монтері мен қасында Шетпеден 2-3 жол монтері біз де тұрмыз. Алғашқы балдақ қағылғаннан соң аға мастеріміз алдымен өзі сынап көріп, қалған күміс балдақтарды қағуды бізге жүктеді. Тапсырылған жұмысты ойдағыдай атқардық. Екі жол қосылып, одан бірінші жолаушылар пойызы өтті. Мен де сол пойызбен Шетпеге жетіп алдым, – деп өткен күндерді еске алды Ази ақсақал.

Ол осылай әскери міндетін теміржолшы болып, жол құрылысын салып жүріп өтейді. 1965 жылы әскер қатарынан босатылғаннан кейін де теміржолға қайта келіп, дәл осы жұмысын жалғастырады. 2010 жылға дейін үздіксіз еңбек етіп, теміржол жұмысына өмірінің 48 жылын

арнайды. Жолшы, станция кезекшісі, жол монтері, Ас-1А жүргізушісі, жол бригадирі, шебері, аға шебер болады. 2006 жылы зейнетке шықса да еңбектен қол үзбей, тағы төрт жыл жұмыс істейді. Бір саладан табан аудармай осына жыл еңбек етіп, мамандығына деген адалдығының арқасында талай марапат иесі болады. Төрт рет социалистік жарыстың жеңімпазы, «Адал еңбегі үшін» белгісінің иегері, Еңбек ардагері, Құрметті теміржолшы атанады.

Атамыз отбасында да адал жар, асқар таудай әке бола білген бақытты жан. Өмірлік серігі – жол монтері болған алтын құрсақты ана Ақбибі Байпақова екеуі еңбекте жүріп төрт ұл, екі қызды жеткізеді. Қазір олардан жиырма шақты немере, төрт-бес шөбере сүйіп отыр. Ұлдарының бірі Сай-Өтеc станциясында аға жол шебері болса, басқалары теміржолда дефектоскопист, жол шебері, байланыс саласында қызмет етеді.

*Суреттерді түсірген автор*



## ВОЗРОЖДАЯ ИСТОРИЧЕСКУЮ РОЛЬ



ТРАНЗИТ

**Уникальное географическое положение Казахстана в сочетании с развивающимися транспортными коридорами и инвестициями в инфраструктуру сделало его ключевым игроком на евразийском транспортном рынке. Сегодня доля международных перевозок в общем объеме перевозок грузов по железной дороге нашей страны достигает 45%.**

**Любовь РОВБА,**  
Астана

За годы независимости республика возродила свою историческую роль естественного транзитного моста между Европой и Азией. Завершение строительства железнодорожного участка на границе между Казахстаном и Китаем в сентябре 1990 года фактически восстановило один из маршрутов древнего исторически сложившегося Шелкового пути, обеспечив Китаю и другим государствам Юго-Восточной Азии кратчайший выход в страны Европы и Ближнего Востока.

Если после распада СССР Казахстан имел сравнительно развитую, но сегментированную железнодорожную сеть, то за годы независимости не только добился целостности внутристранового сообщения, но и создал новые международные маршруты, связывающие Россию и страны Европы с Азией; Китай, Японию – со странами Юго-Восточной Азии, а также страны Центральной Азии, Закавказья, Персидского залива и Турцию. Построено более 2,5 тысячи километров железных дорог.

Сегодня через нашу страну проходят Северный и Южный, Среднеазиатский коридор, а также Север – Юг и Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ).

С учетом текущих экономических тенденций и глобальных изменений в торговле республика имеет огромные перспективы для превращения в логистический хаб. Согласно Концепции развития транспортно-логистического потенциала страны, к 2030 году объемы транзита через территорию Казахстана будут увеличены до 35 миллионов тонн.



Однако из-за глобального перераспределения грузопотока в последние годы значительно возросла и нагрузка на инфраструктуру, в частности, ТМТМ и коридора Север – Юг (на маршруте Казахстан – Туркменистан – Иран).

– Только за 9 месяцев 2024 года объем перевозок грузов по ТМТМ из Китая увеличился в 23 раза в сравнении с аналогичным периодом прошлого года и составил 24,1 тысячи ДФЭ. В долгосрочной перспективе мы планируем довести объемы перевозок контейнеров по этому маршруту до 300 тысяч ДФЭ. И в этих целях проводится работа по развитию внешней терминальной сети. В рамках расширения маршрута ТМТМ с выходом в Европу рассматриваем Венгрию, Болгарию, Румынию как новые ворота ТМТМ, – отмечает генеральный директор АО «КТЗ Экспресс» Дамир Кожакметов.

Также до 10 миллионов тонн, по прогнозам, увеличится к 2027 году мощность восточной ветки коридора Север – Юг, которая пролегает через Казахстан (участок Илецк/Озинки, Бейнеу – Узень – Болашак), Туркменистан и выходит на иранские порты, являясь перспективным маршрутом для транспортировки грузов на рынки Индии и стран Персид-

ского залива.

Пропускная способность маршрута Север – Юг по территории Казахстана пока составляет шесть миллионов тонн грузов. В прошлом году по нему перевезено 2,1 миллиона тонн. На развитие железнодорожной инфраструктуры вдоль коридора планируется направить инвестиции в размере 1,9 миллиарда долларов. К слову, часть этих средств предполагается привлечь на льготных условиях по линии Евразийского банка развития на приоритетные интеграционные инфраструктурные проекты ЕАЭС: модернизацию участков железных дорог Орск – Кандыгааш – Макат – Бейнеу – Болашак и Илецк-1 – Актөбе.

Динамично развиваются перевозки со странами Центральной Азии, рост которых составил 16%. Казахстан, Россия и Беларусь выстроили континентальный железнодорожный мост, соединивший Восток и Запад, где успешно работает единый оператор – АО «ОТЛК ЕРА».

С учетом растущих объемов перевозок и мировых тенденций в логистике в Казахстане активно ведется работа по устранению узких мест на инфраструктуре. Так, в АО «КТЖ» утверждена Программа повышения пропуск-

ной способности существующей железнодорожной инфраструктуры до 2030 года, в которой определены объемы ремонта, текущего содержания, модернизации инфраструктуры и строительства новых путей.

– В целях расширения пропускной способности основных транзитных маршрутов запущено строительство четырех инфраструктурных проектов. На китайском направлении реализуются проекты по строительству вторых путей на участке Достык – Мойынты и обводной дороги Алматы.

